

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/ISSN2710-3528>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Ергалиева С. Ж., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Искакова З. С., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BTOUPh3.2026/130-142>

***Қ. Е. Әбдісәмет¹, Л. А. Мекебаева²**

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8871-0706>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5543-9676>

*e-mail: karakoz_24-98@mail.ru

Б. СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕР ТЕМПЕРАМЕНТІ МЕН ПСИХОТИПІ

Тұлға психотиптерін зерттеу және олардың көркем шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен сипатына әсері әдеби мәтіндердің терең психологиялық аспектілерін түсіну үшін өзекті және маңызды міндет болып табылады. Мақалада Гиппократ ұсынған темперамент концепциясы мен Карл Леонгард жіктеген тұлғаның психологиялық типі (психотипі) қарастырылады. Берілген концепциялар бойынша Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі кейіпкерлерге психоаналитикалық талдау жасалады. Повестегі Қожа, Жанар, Сұлтан кейіпкерлердің психологиялық портреті ашылып, тұлғалық типтері мен темпераменті анықталды.

Әдеби шығармаларды психологиялық зерттеу кейіпкерлердің жасырын мотивтері мен ішкі қақтығыстарын, сондай-ақ олардың эмоционалды және психологиялық сипаттамаларын ашуға мүмкіндік береді. Кейіпкерлердің психикалық ерекшеліктерін түсіну шығарманың мәнін тереңірек түсінуге, сондай-ақ әдебиетті талдауда психологиялық білімді қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мақаланың тәжірибелік бөлімінде «Менің атым Қожа» повесіндегі кейіпкерлердің психотипі мен темпераментін анықтау және талдау үшін әдеби талдау, психоаналитикалық талдау және теориялық талдауды қоса алғанда, зерттеудің әртүрлі әдістері қолданылды. Осы әдістерге сүйене отырып, шығарманың басты кейіпкерлері мен мінез-құлқына егжей-тегжейлі талдау жасалды, олардың психологиялық типі мен темпераменті анықталды.

Зерттеу мақсаты кейіпкерлердің психотиптері мен темпераменттерін талдау ғана емес, олардың сюжеттегі және оқиганың жалпы контекстіндегі рөлін анықтау болып табылады.

Кілт сөздер: көркем әдебиет, әдеби кейіпкер, темперамент, психологиялық тип, психология.

Кіріспе

Психология мен әдебиеттану ғылымдарының өзара байланысы аясында көркем шығармалардағы кейіпкердің психологиялық портретін ашу мәселесі ғылымда бұрыннан зерттелуде. Адамдар арасындағы қарым-қатынас және эмоциялар туралы сөз болғанда, зерттеулер негізінен психология саласында жүргізіледі. Әдебиеттанудағы психологиялық көзқарас көркем мәтінді оқырман санасына, эмоцияларына әсер ету тұрғысынан зерттейді. Кейіпкердің мінез-құлқы, іс-әрекеті, ойлау жүйесі және мотивациялары психологиялық тұрғыдан талданады.

Көркем образдарды психологиялық типі бойынша жіктеу, туындыда кейіпкердің темпераментін анықтау қазақ әдебиеттану ғылымында көп қамтылмаған тақырып. Бұл мәселе шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде Е. Коржованың «Психология личности в художественной литературе» [1], Исса Гарубаның «Jung's psychological types and characterisation in Alex Laguma's literary works» [2], Бартломеж Джозиуактың «Psychopathic Characters in Fiction» [3] мақалаларында қарастырылған. Көркем шығармалардағы психотип мәселесі тереңірек зерделеуді қажет ететін, қазақ әдебиеттануында өзекті тақырыптардың бірі.

Психотип немесе «тұлға психологиясы», «мінез типологиясы» психологияда жүйелі түрде зерттеліп келеді. Темперамент туралы энциклопедиялық сөздікте «Жүйке жүйесіндегі тума қасиеттерден болатын жеке өзгешелік» деп көрсетілген [4, 31-б.]. Темпераментті адамның физикалық қозғалысынан, эмоционалды реакциясынан, белсенділігінен байқап, айыруға болады. Мысалы, бір адамдар тез қозғалады, екіншісі жай қозғалады; біреу алғыр, зейіні жоғары болса, екіншісінің қабылдау деңгейі төмен болады [5, 522-б.]. Мұның бәрі адамның темпераментіне тікелей қатысты деп есептеледі. Психология ғылымына «темперамент» ұғымын алғаш енгізген Гиппократ адамдарды 4 типке бөліп жіктеген: холерик, сангвиник, флегматик және меланхолик.

Әдебиет қоғамның айнасы ретінде адам табиғатының күрделі қырларын бейнелейді. Әдебиет пен психологияның байланысы көркем шығарма кейіпкерлерінің психотипін анықтауға мүмкіндік береді. Жазушының шеберлігі мен интуициясы оны адам жан дүниесінің көзге көрінбейтін байланыстарын сезіне алатын, кейіпкер өмірінің эволюциясы мен

характеріндегі ерекшеліктерін көре алатын нәзік психолог етеді. Кейіпкердің психотипі автордың сомдаған мінез-құлқына, оның сыртқы бейнесіне, диалогтары мен ішкі монологтары, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы арқылы анықталады.

1968 жылы неміс психиатры Карл Леонгард тұлға психотипін 12 түрге бөліп қарастырған: гипертимді, дистимді, аффектті-лабильді (циклоидты), қызба, тежелуші, педантты, қобалжушы, эмотивті, демонстративті, экзальтивті, экстравертті, интровертті тип. [6] Леонгард тұжырымына сүйене отырып, орыс психиатры, профессор Андрей Личко 1977 жылы тұлғаның психотип бөлінісінің жаңа типологиясын ұсынады: астено-невротикалық, гипертимді, истероидты, конформды, лабильді, тұрақсыз, психастеникалық, сенситивті, циклоидты, шизоидты, эпилептоидты. Зерттеу жұмысында А. Личко типологиясы пайдаланылған.

1. А. Личко типологиясы бойынша гипертимді типті адамдар қарым-қатынас құруға бейім, кейде көп сөйлеуі де ықтимал, тез, ширақ қимылдайды, әзілқой, бір орында отыра алмайды, белсенді. Үнемі көптің назарында болғанды ұнатады, топты басқарғанды жақсы көреді. Қызығушылықтары көп, бірақ ешқайсысын соңына дейін орындамайды. Өздеріне сенімді, жаңалыққа құмар, сәтсіздікке мән бермейді, ренішін тез ұмытады. Тәуекелге бейім. Күн секілді жарқырап шуақ шашып, үнемі көңілді жүргенді ұнатады, ситуацияға оптимистік көзқараспен қарайды [7, 288-б.].

2. Циклоидты типтегі адамдар тез ашуланады, көңіл күйі түсіп кетуі де тез, апатияға жақын, үйде жалғыз жүргенді жақсы көреді, қарым-қатынастан қашады, өзіне айтылған ескертулерге құлақ аспайды, тіпті ашуланып кетуі мүмкін.

3. Лабильді типтегі адамдар құбылмалы, мінезі өзгергіш, болмашыға бола ренжігіш, көңіл-күйі жоқ кезде өздерін қабылдай алатын адамдардың сөзін қажет ететін адамдар болып келеді [7, 301-б.].

4. Астено – невротикалық типтегі адамдар қадалған жерінен қан алатын, айтқанынан қайтпайтын, көңіліне тез алып қалатын, сонымен қатар энергиясы жетпей, тез шаршайтындығымен ерекшеленеді. Қырсық, мазасыз, төмен көңіл күйде жүру, ипохондрия мен пессимизм белгілері жиі кездеседі. Денсаулығына ұқыпты қарайды, үнемі ем-дом қабылдап жүреді. Достарымен бірге болғысы келеді, бірақ тез шаршап қала беретіндіктен жалғыздықты аңсап жүреді. Қиындықтармен күресу кезінде өзіне деген сенімсіздік пен қысым сезімін бастан кешеді. Ойшыл, жұмысқа жауапты қарайды, шығармашылық ойлау қабілеті басым.

5. Сенситивті адамдар өте сезімтал келеді. Олар басқалардың энергетикасын сезе алады, біреудің қуанышын немесе қайғысын өз басынан өткендей күй кешеді. Сол себепті адамдар көпшіліктен бойын аулақ ұстауға тырысады, көп қимыл-қозғалысты қажет ететін орындарға бармайды,

танымайтын адамдармен сөйлеспейді. Танитын жақын адамдарының қасында ғана ашылып әңгіме айта алады. Жұмысты жақсы жасауға тырысады, бақылауды ұнатпайды, жұмысына өте ұқыптылықпен қарайды. Интеллектуалды-эстетикалық қызығушылықтарға қызығады. Өзіне және айналасына жоғары адамгершілік талаптарын қояды.

6. Психастеникалық тип. Бұл тип жақын адамдарына қатты бауыр басып қалады, қоғамдағы әдеп нормаларына тез үйреніседі, интеллектуалды қызығушылықтары көп. Сонымен қатар күдіктене берді, көңілшек, жаңа заттардан қорқады, нәзік тип. Болашақтан үнемі қорқып жүреді, өздерінің сәтсіздігіне қатты сенеді, интеллект жоғары, позитивті ойлау деңгейі төмен. Психастениктер ойлануға, өзін өзі талдауға, ойтолғау жасауға құмар.

7. Шизоидты типтергі тұйық болып келеді. Қоғамда өздері бөлек жүреді, адамдармен қарым-қатынасқа түскісі келмейді, қаншалықты ақылды болса, соншалықты өмірге икемсіз адамдар. Шизоидті адамдар сыртқа қамқорлық білдіре алмайды, сол үшін адамдармен дұрыс сөйлесе алмайды, сезімдерін көрсете алмайды, іштей өздерін түсінетін адамды тапқысы келеді. Кітап оқығанды ұнатады.

8. Эпилептоидты типтегі адамдар өкпелегіш, аз қозғалыс жасайтын, көбіне салмағы ауыр адамдар. Билікті, қарым-қатынаста кімнің дұрыс/бұрыс екенін анықтағанды, кімнің маңызды екенін көрсеткенді жақсы көреді. Әр нәрсеге көңіл бөлгенді ұнатады, қызғаншақ, барлығын «менікі» және «менікі емес» деп бөледі. Өз заттарына ғана ұқыптылықпен қарайды. Музыкадан, әннен рақат алады.

9. Истероидты типтегі адамдар үнемі адамдардың назарында жүргенді, қоғамдық жерлерде өзін көрсетіп қалғанды жақсы көреді. Басқаларды таң қалдыруға тырысып жүреді. Өзгелердің назарын өзіне аудару үшін өзіне қол жұмсау туралы қорқытудан да тайынбайды. Барлық мағынасында атақ-даңқты жақсы көреді [7, 313-б.].

10. Тұрақсыз типтегі адамдар тек осы сәтпен өмір сүреді. Олар келешек туралы мүлде ойланбайды, сәйкесінше болашаққа жоспар құру, арман-мақсат қою дегенді білмейді. Ата-анасын алаңдап, ойламайды, махаббатын бөліп қарамайды, басынан кешкен қиындықтары немесе олардың тағдыры туралы ойланбайды. Тек қазіргі кездегі қыдыру, бос уақытпен өмір сүреді.

11. Конформды тип өте бейімделгіш, өзіне тиімді жағдай болса, бірден адаптация жасай алады. Өздері басқармайды, көптің сөзімен жүреді. Тобырға ергіш. Өзі шешім шығарғысы келмейді, өзгенің айдауында жүргенді дұрыс көреді.

Материалдар мен әдістері

Мақалада тақырыпты кеңінен ашу мақсатында Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі кейіпкерлердің тұлғалық психотипі мен

темпераментіне жан-жақты талдау жасалды. Әдеби талдау, теориялық талдау, психоаналитикалық талдау әдістері қолданыс тапты.

Повесть мазмұнындағы деректер, психология ғылымындағы психотип және темперамент туралы ғылыми кітаптар, сонымен қатар әдебиеттегі психотип көрінісіне қатысты ғылыми мақалалар қарастырылды. «Менің атым Қожа» повесіндегі кейіпкерлердің психологиялық портретін толық ашу үшін шығарма мәтініне талдау жасалды. Гиппократтың темперамент және Карл Леонгард пен А.Личконың психологиялық типтер (психотиптер) бойынша ұсынған теориялық еңбектері қарастырылды.

Нәтижелер және талқылау

Әдебиет пен психология ғылымдарының пәнаралық байланысын терең зерттеу нәтижесінде шығарма кейіпкерлерінің психотипі мен темпераментін анықтауға мүмкіндік туады. Талантты жазушылар типологияның принциптерін білмей-ақ адамдардың психологиялық типтерін жасап, шығармаларында сипаттай алған. Мәселен, Уильям Шекспирдің «Гамлеті» [8] меланхолик типке жатса, Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» романындағы Пьер Безухов [9] сангвиник кейіпкер қатарында. Федор Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» романындағы Раскольниковті холерик ретінде қарауға болады. Флегматик типіне Эрнест Хемингуэйдің «Қарт пен теңіз» романындағы Бенджаминді жатқызсақ болады. Шығармаларда кейіпкерлердің даналығы мен табандылығы қиындықтарды жеңуге көмектеседі [10].

Қазақ балалар прозасының танымал жазушысы Бердібек Соқпақбаев тек талантты суреткер ғана емес, сонымен қатар тәрбиеші, ұстаз ретінде де танылды. «Менің атым Қожа» повесі жас буынға өмірлік сабақ беретін, тұлға болып қалыптасуына ықпал ететін құнды шығармалардың бірі. Қаламгер сомдаған образдардың типтерін дәл бейнелеп, тіпті оларға тән психологиялық типтік қатынастарды сипаттаған. «Менің атым Қожа» повесіне толығырақ тоқталып, оның кейіпкерлерінің мінез-құлқын талдап көрейік.

Басты кейіпкерлердің бірі, Қожаның бойынан сангвиниктік темпераменттің басым екенін байқаймыз. Бұл туралы энциклопедиялық сөздікте: «Сангвиник типтегі адамның эмоциялық қозуы шапшаң, күшті болады, бірақ көп тұрақтамайды. Көңіл-күйі әп-сәтте өзгереді. Сангвиник – әсершіл адам. Ұнатқан, сүйсінген нәрсесіне елігіп әуестенуі де оңай, қызығының басылуы да жылдам. Төңірегіндегі оқиғаларға, нәрсенің мән-жайына елең етіп, көңілденіп, басқа нәсерге ауысып кетуі де тез. Көңілі көтеріңкі келеді. Ұзақ уақыт мұнайып жүрмейді. Құрбаларымен араласып жүрген кездегі албырт сезімдері баланың санасында елеулі із қалдырмайды. Шапшаң да икемді, қозғалғыш та қызу, еті тірі, сергек келеді» [5, 482-б.]. Повестегі кейіпкердің сезім күйлері Қожаның сол сәттегі қимыл-әрекеттері көрсетіп тұратыны байқалады. Көтеріңкі, мәнерлі

сөйлейтініне, жылдам қимылдарына қаламгер баса назар аударып отырады. Соған қарамастан Қожаның мінезі ақжарқын, ашық екенін оқырмандар шығарма бойынан байқалады.

Сангвиник типтегі кейіпкерлердің мінезіндегі ерекшеліктерінің бірі, бастаған ісіне тыңғылықты болмайтындығы, бастаған жұмысының аяқсыз қалатындығы повесте анық көрінеді. Алайда кез-келген бастамаға қосылып, алдыңғы қатарда жүруге дайын екендігі Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» еңбегінде жазылған. Кейде бірнеше жұмысты алып жүргенді жақсы көреді. Басында көңілі көтеріңкі болып, іс үстінде лезде суитын кездерін Б. Соқпақбаев көркем әрі шебер сипаттаған.

Қожа – әсершіл. Жанар оған нағыз періштедей көрінеді, әр сөзі, көзқарасы мен қимыл-әрекеті ерекше сезім сыйлайды. Қожаның оған деген бала сүйіспеншілігін мына үзіндіден байқауға болады: «Мен кейде сұрақ қоям өзіме өзім: «Жанарды неге ойлай берем? Оны көрмесем ала көңілденіп, тынышым кетіп тұратыны несі? Әлде осының өзі әлгі жұрт айтатын, кітаптарда жазылатын не... емес пе?» Япыр-ай, осы бір сөзді ойға алғанның өзіне селк ете қалам-ау. Егер мұны Майқанова білсе ғой. Не болар еді онда күнім? «Ә, Қадыров. Қаршадайыңнан қызға ғашық болып! Қарай гөр мұны! Бұл сұмдықты саған кім үйретті, ә?» Нағыз маскара, міне, сонда болар еді» – деген сөздерінен байқаймыз [11, 21-б.].

Шығармада Қожаның мінезі сангвиник типтеріне сәйкес құбылмалы, тұрақсыз болып сипатталады. Мұны біз повестің бесінші тарауында берілген Қожа мен Жанардың дойбы ойнаған сәтінен көреміз. Ол жайлауға кететін болып, Жанарды бір көргісі келіп, үйіне барады. Сол кездегі Қожаның сөзіне назар салсақ: «Өзегімді нұрлы сезім жарып өтіп, қолтығыма қанат біткендей болды» – деп сипаттайды автор [11, 22-б.].

Жанардың әжесі үйде жоқтығын пайдаланып, онымен дойбы ойнағанына мәз болған Қожа әуелде құрметтеп, әдейі жеңіліп отырады: «Жанардың бетпепет отырған сүйкімді жүзіне, иығына төгіліп көмірдей қап-қара әсем қолаң шашына алаң-елең қарап, толқып отырып, бірінші ойында қалай ұтқызып алғанымды байқамай қалдым. Бірақ Жанардың мәз болған кейпіне қарап бұл ұтылғаным өзім іштей қуандым да» – деген ойлайды [11, 23-б.]. Алайда, қыздың оңай қарсылас емес екенін жеңілістен соң түсінген Қожа қулыққа көшеді: «Екінші ойынды әлгіндей емес, сағырақ ойнауға тырыстым. Үнемі қыздан жеңіліс таба беруге болмайды» [11, 23-б.]. Соңында екеуі таласып, Жанардың «мақтаншақ Қожа» деген сөздерін көтере алмай ренжісіп қалады. Сол күйі үйіне кетеді [11, 24-б.].

Автор оқиғаны бірінші жақтан баяндап отырғандықтан, Қожаның сезімі мен ішкі монологын да повесте беріп отырады. Жанардың үйінен шыққан соң Қожа істеген әрекетіне өкінеді: «Япыр-ай, Жанарды ренжітіп кеттім-ау.

Соншалық, неге егестім. Әй, осы қайсарлық мінезім мені абиырға жолдас етпейді ғой. Ұзын жолдан шығып, жеңіле салсам, нем кететін еді» – деген сөздері дәлел [11, 25-б.].

Қожа әрдайым көңілді, энергияға толы, қатты күліп, көпшіліктің назарында болғанды ұнататын кейіпкер. Повесть басталғаннан Қожаның өзін таныстыруынан оқырман оның әзілқойлығына, алаңғасарлығына және өмірге деген позитивті көзқарасына тәнті болады.

А. Личконың психотип жіктелімі бойынша Қожа гипертимдік типке жатады. Бұл типті адамдар қарым-қатынасқа тез түседі, тым көп сөйлеп кетуі де мүмкін, тез қимылдайды, шуақты. Сонымен қатар, бір орында отыра алмайтындығымен, белсенділігімен ерекшеленеді. Топты басқарғанды жақсы көреді, қызығушылықтары көп, бірақ ешқайсысын соңына дейін орындамайды. Өздеріне сенімді, жаңалыққа құмар, сәтсіздікке мән бермейді, ренішін тез ұмытады. Тәуекелге бейім. Күн секілді жарқырап шуақ шашып, үнемі көңілді жүргенді ұнатады, ситуацияға оптимистік көзқараспен қарайды.

Ал Жанардың образында сангвиник пен флегматиктік тип аралас.

Қожа Жанарды төмендегідей сипаттайды: «Осы повестің бас кейіпкерінің бірі болуға Жанар, біріншіден... кластағы ең бір ақылды қыз. Екіншіден, сұлу. Әсіресе қызыл береткасын киіп жүргенде, сондай құлпырып, жайнап кетеді. Даусы қандай шіркіннің, ән салғанда тыңдасаң. Басына үкілі тақия киіп, мың бұратылып, Қамажайға билегенін көрсең. Барып тұрған өнерлі қыз. Кластағы бірінші үздік оқушы» [11, 15-б.]. Қожаның сипаттауына көңіл бөлер болсақ, Жанардың мінез-құлқында сангвиниктік типті көреміз. Ал повестің басқа бөлімдерінде Жанардың флегматиктік қырын байқауға болады. Өйткені, флегматик «Іс-әрекетін байсалды, тиянақты орындайды, бастаған ісін қадағалап істейді, аяқтап шығады. Кісіге үйірлігі аз, өзі ешкімге тиісіп, соқтығыспайды» [5, 572-б.].

Жанар образы Личко тұжырымдамасы бойынша сенситивті типке жатады. Бұл психотиптегі адамдар басқалардың энергетикасын терең сезіне алады, басқаның қуанышын немесе қайғысын өз басынан өткендей күй кешеді делінген. «Менің атым Қожа» повесінен байқайтынымыз, Жанардың үздік оқушы екендігі, сабақтан тыс уақытта кітап оқиындығы, ұқыптылығы, жүрегін нәзіктігі, сезімталдығы жан-жақты сипатталған, осыған қарап оның сенситивті типтің де белгілері бар екендігін көреміз.

Повестегі Сұлтан образында холериктік тип басым. «Холерик – қызу мінезді, жігерлі темперамент иесі. Эмоцияға берілуі шапшаң. Сезім күйлері оқыс ауытқып, құмарта көтеріліп кететін шыдамсыз, күйгелек кісі. Әп-сәтте қызып кетіп, күйіп-піседі. Ашуланса, бұрқ етіп, қызу екпіні сарқылып барып басылады, бастан кешкен сезімі санасында терең із қалдырады, қимыл-қозғалысы шапшаң. Икемсіз оқыс қылықтарына қарамастан, қызулы, жігерлі,

пысық және іс-әрекет атқаруға бейімді келеді. Жұмысқа құмарта беріліп, екпінмен істейді, анық, әсерлі, мәнерлі сөйлейді. Белсенді, батыл келеді, іске шапшаң кіріседі, бастаған іс-әрекетін аяқтап шығады, көп адам қатысқан ойындарға құмар. Өзі де ұйымдастырып, аяғына дейін белсене қатысады, шыдамсыз. Күйгелек, лезде өкпелейді, әп-сәтте ашуланады және ашуын ұзақ сақтайды» [5, 577-6.]. Сұлтанның қимыл-қозғалысының шапшаңдығын повестің сегізінші тарауында: «Сұлтекеңнің қимылына кез ілеспейді. Жүктің астындағы месті дереу суырып алып, аузын шешіп жатыр. Месті Сұлтекең көз ілеспейтін шапшаңдықпен орнына қайта байлап қойды» – деп жазушы кейіпкеріне баға беріп кетеді [11, 37-6.]. Сұлтанның пысықтығын Қожаның Сұлтанға деген көзқарасынан байқауға болады: «Әй, Сұлтан, Сұлтан. Сенің бойыңда кісі қызығарлық өнер-қабілеттер толып жатыр-ау. Асауға шалманы қалай дәл тастайсың. Неше саққа жүгіртіп, құйкылжытып, қалай тамаша ысқырасың. Бие сауғанда шөпілдетіп жібересің. Жолдасыңа қоң етінді ойып беруден тартынбайтын батылсың да жомартсың. Бірақ арамдығың да бар: өтірік айтасың, ұрлық істейсің. Егер оқуды тастамасаң, әлгі айтылған лас қылықтарыңнан ада болсаң, сенен түбінде жаман азамат шықпас еді» [11, 60-6].

А. Личко тұжырымы бойынша Сұлтан тұрақсыз типке жатады. Мұндай адамдар тек қазіргі сәтпен өмір сүреді. Олар келешек туралы мүлде ойланбайды, сәйкесінше болашаққа жоспар құру, алдына мақсат қою дегенді білмейді. Жақындары туралы ойламайды, көңіл бөліп қарамайды, олардың тағдыры алаңдатпайды.

Тек осы сәттегі қызығушылыққа беріліп, уақыттың бағалы екендігіне көңіл бөлмей өмір сүреді. Шығармада кейіпкердің болашағын ойламайтыны, оның оқудан шығып кетіп, дала кезіп мал бағып жүрген әрекетінен байқауға болады. Өкесін ойламайтыны, алдау, арбау арқылы күнін көріп жүргені, сол әрекетімен Қожаның да басын қатерге тіккені арқылы оның тұрақсыз психотипке жататынын анықтаймыз. Осы психотипке тән Б. Соқпақбаев Сұлтанның аузымен оның негізгі сенімдерін, өмірге жеңіл қарауын: «Сұлтан кенет:

– Қара Көже, қарақшы болғың келе ме? – деп сұрады.

– Қайтіп?

– Осы араның бір жерінен көрінбестей етіп күрке жасап аламыз. Балықты мол етіп кептіріп жайып тастаймыз. Кейде, мүмкін, жолға шығып, кісі тонаймыз. Бұрынғы қарақшылар қайтіп өмір сүрсе, біз де сөйтеміз. ...Қарашы, Қара Көже, тамаша емес пе. Бұл арада жүз жыл тұрсаң да, төбеңнен дәл келіп түспейінше, жан адам таба ала ма? ...Қатып кетті. Өмір деп, міне, осыны айт» [11, 64-6] деген үзінділерден байқауға болады. Ол тіпті оқудан шығып кеткеніне де өкінбейді: «Бұрнағы жылы жәкем де маған: «Оқуды тастайтын болсаң, жота теріңнен таспа тілмесем неғылсын, онда екі қолымды төбеме қойып, беземін сенен», – деп ант су ішуші еді.

Сол да түк істеген жоқ қой. Белбеуімен жотама екі осканда: «Ойбай-ай, бүйтіп өмір сүргенше, суға атып өлейін!» деп, өзенге қарай тұра жүгіріп ем, екі көзі шарасынан шығып, өзінің зәресі ұшты. Артымнан қуып жетіп, құшағына алып: «Оқымасаң, оқымай-ақ қой, әйтеуір, тірі жүр, қу жалғыз», – деп аймалап, сүйіп, үйге әкелді. Содан бері қарай ләм деп аузын ашпайтын болды» [11, 63-б]. Талдау нәтижелері кестеде көрсетілді:

1-кесте – Повесть бойынша жасалған психоаналитикалық талдау нәтижелері

Кейіпкердің аты	Темпераменті	А.Личко бойынша сәйкес психотипі
Қожа	Сангвиник	Гипертимді тип
Жанар	Сангвиник-флегматик	Сенситивті тип
Сұлтан	Холерик	Тұрақсыз тип

Кейіпкердің психотипін біліп, ажырата алу автордың туындысын терең түсінуге, кейіпкер әрекеттерін бақылай алуға, психологиялық талдау жасауға, оқырманның кейіпкер әлемін терең қабылдауына жақсы әсер етеді. Әр түрлі психотиптерді қолданатын әдеби шығармалар адам табиғаты туралы түсінігімізді байытады және өзімізді және айналамыздағы адамдарды жақсы түсінуге көмектеседі. Осылайша, әдебиеттегі психотиптерді зерттеу біздің көкжиегімізді кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар адамның психологиялық әлемінің тереңдігін жақсы түсінуге көмектеседі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, көркем шығарма кейіпкерлерінің психологиялық типтерін зерттеу – көркем мәтінді терең түсінудің, оқырман санасына әсер ету механизмдерін анықтаудың маңызды жолдарының бірі болып табылады. Ғалымдардың зерттеулері бұл бағыттың өзектілігін дәлелдейді және оны одан әрі дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Психология мен әдебиеттану ғылымдары арасындағы пәнаралық зерттеу негізінде психотип пен темперамент тек адам болмысында ғана емес, көркем әдеби шығарма образдарында да болатыны дәлелденді. Психотиптер мен темпераменттерді талдау бізге кейіпкерлердің ішкі қақтығыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесіндегі Қожа, Жанар, Сұлтан сынды кейіпкерлерге психологиялық талдау жасау арқылы олардың психотипі мен темпераменті анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Коржова, Е.** Психология личности в художественной литературе. //Известия Российского государственного педагогического университета имени А. И. Герцена, 100, 2009. – С. 77–87.
- 2 **Garuba, I. O.** Jung's psychological types and characterisation in Alex Laguma's literary works. // Celtic : A Journal of Culture, English Language Teaching, Literature and Linguistics, 7(1), 2020. – P. 44–56.
- 3 **Jozwiak, B. P., Bogousslavsky, J.** Psychopathic Characters in Fiction. // Frontiers of neurology and neuroscience, 31, 2013. – P. 60–68.
- 4 **Садыкова, Ә. Е., Төлегенова, С. Ш.** Психология пәні бойынша терминологиялық сөздік. – Қарағанды : Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013. – 35-б.
- 5 **Жарықбаев, Қ. Б., Саңғылбаев, О. С.** Психология : энциклопедиялық сөздік. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 617-б.
- 6 **Леонгард, К.** Акцентуированные личности: Перевод с немецкого. – Киев : Выща школа, 1989. – 375 с.
- 7 **Личко, А. Е.** Психопатии и акцентуации характера у подростков. – Питер : Трейд, 2018. – 304 с.
- 8 **Шекспир, У.** Гамлет. – М. : АСТ, 2018. – 384 с.
- 9 **Толстой, Л. Н.** Война и мир. – М. : АСТ, 2015. – 960 с.
- 10 **Хемингуэй, Э.** Старик и море. – М. : АСТ, 2009. – 320 с.
- 11 **Соқпақбаев, Б.** Менің атым Қожа. Повестер. – Алматы : Атамұра, 2003. – 304-б.

REFERENCES

- 1 **Korzhova, E.** Psixologiya lichnosti v xudozhestvennoj literature [Personality psychology in fiction] [Text]. // Izvestiya Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A. I. Gercena, 100, 2009. – P. 77–87.
- 2 **Garuba, I. O.** Jung's psychological types and characterisation in Alex Laguma's literary works. // Celtic: A Journal of Culture, English Language Teaching, Literature and Linguistics, 7(1), 2020. – P. 44–56.
- 3 **Jozwiak, B. P., Bogousslavsky, J.** Psychopathic Characters in Fiction. // Frontiers of neurology and neuroscience, 31, 2013. – P. 60–68.
- 4 **Sadykova, A. E., Tulegenova, S. Sh.** Psixologiya pani bojynsha terminologiyalyk sozdik [Terminological dictionary on the subject of psychology] [Text]. – Karaganda : B. Bejsenov atyndagy Karagandy akademiya, 2013. – 35 p.

5 **Zharykbaev, K. B., Sangylbaev, O. S.** Psixologiya: enciklopediyalyk sozdik [Psychology: an encyclopedic dictionary] [Text]. – Almaty : Kazak enciklopediyasy, 2011. – 617 p.

6 **Leongard, K.** Akcentuirovannye lichnosti : Perevod s nemeczkogo [Akcentuirovannye lichnosti: Perevod s nemeczkogo] [Text]. – Kyiv : Vyshha shkola, 1989. – 375 p.

7 **Lichko, A. E.** Psixopatii i akcentuacii kharaktera u podrostkov [Psychopathy and character accentuations in adolescents] [Text]. – Peter : Trejd, 2018. – 304 p.

8 **Shexspir, U.** Gamlet [Hamlet] [Text]. – Moscow : AST, 2018. – 384 p.

9 **Tolstoj, L. N.** Vojna i mir [War and Peace] [Text]. – Moscow : AST, 2015. – 960 p.

10 **Hemingway, E.** Starik i more [The Old Man and the Sea.] [Text]. – Moscow: AST, 2009. – 320 p.

11 **Sokpakbaev, B.** Menin atym Kozha. Povester. [My name is Khoja. Stories] [Text]. – Almaty : Atamura, 2003. – 304 p.

14.05.24 ж. баспаға түсті.

24.06.25 ж. түзетулерімен түсті.

10.08.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*К. Е. Абдисамет¹, Л. А. Мекебаева²

^{1,2}Қазақхский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 14.05.24.

Поступило с исправлениями 24.06.25.

Принято в печать 10.08.26.

ТЕМПЕРАМЕНТ И ПСИХОТИП ГЕРОЕВ В ПОВЕСТИ Б. СОКПАКБАЕВА «МЕНЯ ЗОВУТ КОЖА»

Изучение психотипов личности и их влияние на поведение и характер персонажей в литературных произведениях является актуальной и важной задачей для понимания глубинных психологических аспектов литературных текстов. В статье рассматривается концепция темперамента, предложенная Гиппократом, и психологический тип (психотип) личности, классифицированный Карлом Леонгардом. По заданным концепциям будет проведен психоаналитический анализ персонажей повести Бердибека Сокпакбаева «Меня зовут Кожа». В повести раскрывается психологический портрет Кожы, Жанар, Султана, определяется тип личности и темперамент.

Психологическое изучение литературных произведений позволяет выявить скрытые мотивы и внутренние конфликты героев, а также их эмоциональные и психологические особенности. Понимание психических особенностей героев позволяет глубже понять суть произведения, а также расширить сферу применения психологических знаний в анализе литературы.

В практической части статьи были использованы различные методы исследования, включая литературный анализ, психоаналитический анализ и теоретический анализ, для выявления и анализа психотипов и темпераментов персонажей рассказа «Меня зовут Кожя». На основе этих приемов был проведен детальный анализ главных героев и поведения произведения, определен их психологический тип и темперамент.

Целью исследования является не только анализ психотипов и темпераментов персонажей, но и определение их роли в сюжете и общем контексте истории.

Ключевые слова: художественная литература, литературный персонаж, темперамент, психологический тип, психология.

*K. E. Abdissamet¹, L. A. Mekebaeva²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 14.05.24.

Received in revised form 24.06.25.

Accepted for publication 10.08.26.

TEMPERAMENT AND PSYCHOTYPE OF THE CHARACTERS IN B. SOKPAKBAEV'S NOVEL "MY NAME IS KOZHA"

The study of personality psychotypes and their influence on the behavior and personality of characters in literary works is an urgent and important task for understanding the deep psychological aspects of literary texts. The article examines the concept of temperament proposed by Hippocrates and the psychological type (psychotype) of personality classified by Carl Leonhard. According to the given concepts, a psychoanalytic analysis of the characters of Berdibek Sokpakhbayev's novel "My name is Kozha" will be conducted. The story reveals the psychological portrait of Kozha, Zhanar, Sultan, determines the type of personality and temperament.

The psychological study of literary works reveals the hidden motives and internal conflicts of the characters, as well as their emotional and

psychological characteristics. Understanding the mental characteristics of the characters allows you to better understand the essence of the work, as well as expand the scope of psychological knowledge in the analysis of literature.

In the practical part of the article, various research methods were used, including literary analysis, psychoanalytic analysis and theoretical analysis, to identify and analyze the psychotypes and temperaments of the characters in the story "My name is Kozha". Based on these techniques, a detailed analysis of the main characters and the behavior of the work was carried out, their psychological type and temperament were determined.

The purpose of the study is not only to analyze the psychotypes and temperaments of the characters, but also to determine their role in the plot and the general context of the story.

Keywords: fiction, literary character, temperament, psychological type, psychology.

Теруге 10.08.2026 ж. жіберілді. Басуға 21.09.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 44,4.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4593

Сдано в набор 10.08.2026 г. Подписано в печать 21.09.2026 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 44,4.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4593

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz